

«САРЫАРҚА АУДАНЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

2015 ж. «07» 02 ЖҮРГІЗІЛДІ  
КҮӘЛІК № 11135-1991-15  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 14.01 ЖЫЛ 2002  
БСН 020140000244

«САРЫАРҚА АУДАНЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2015 ж. «10» 12  
БСН 020140000244  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 14.01 ЖЫЛ 2002  
КҮӘЛІК № 6230-1991-01-15

«Экотон+» АҚ акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы  
жиналысымен «бекітілді»  
2015 ж. «13» қарашадағы №9 хаттама



# «ЭКОТОН+» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

## 1. Жалпы ережелер

1. «Экотон+» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі - қоғам) оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреттілігін, қайта құру және оның қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшылық келтірмейтін басқа ережелерді белгілейді.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Экотон+» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Экотон+»;

3) ағылшын тілінде: Экотон+ JointStockCompany.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Экотон+» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Экотон+»;

3) ағылшын тілінде: Экотон+ JSC.

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Өндіріс тұрғын алабы, Ақсай, 1.

## 2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның жеке балансы, банк шоттары бар, өз атынан мүлдік және жеке мүлдік емес құқықтарды алып, жүзеге асыра алады, міндеттерді атқарып, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның мөрі, өз атауымен бланкілері және қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге реквизиттері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғы капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тәртіпте, қоғам оның орналасқан жерінен тыс жерлерде, заңды тұлға болып табылмай тын және олар туралы Ереже негізінде қоғам атынан және оның тапсырысы бойынша қызмет ететін филиалдарын (өкілдіктерін) құруға құқылы.

## 3. Қоғам мен акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз мүлігі шеңберінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті атқарады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда оларға тиесілі акциялар құнының шеңберінде қоғам қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермегендей, мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауапты емес.

## 4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

13. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) ұяшық бетоннан жасалған үй құрылысы өнімдерінің өндірісі және оларды өткізу;

2) ілеспе шикізат пен материалдар, соның ішінде ұяшық бетоннан жасалған үй құрылысы өнімдерін қолдану кезінде пайдаланылатын құралдар мен материалдар өндірісі және оларды өткізу;

3) сейсмикалығы 6 баллға дейін және/немесе 6 аса балл аудандарында құрылыс-монтаждау жұмыстары;

4) ілеспе шикізат пен материалдар, соның ішінде ұяшық бетоннан жасалған үй құрылысы өнімдерін қолдану кезінде пайдаланылатын құралдар мен материалдарды өткізуде делдал қызметі;

5) маркетинг қызметі;

6) шетел ұйымдарымен сыртқы экономикалық қызметі және экономикалық ынтымақтастықты дамыту;

7) өнім, қызметтер экспорты (импорты);

8) қоғам қызметі туралы материалдарды жасау және жалпылау, қоғамның жарнамалық қызметін жүзеге асыру үшін кітаптар, альбомдар, журналдар, буклеттер, анықтамалықтар, фотоальбомдар, бейне фильмдерді басып шығару

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызметі болып табылады.

## 5. Қоғам мүлігі мен капиталы

14. Қоғам мүлігі:

1) акционерлер қоғам акцияларына төлеуге тапсырған мүлігінен;

2) оның қызметі нәтижесінде алған табыстар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге мүліктің есебінен қалыптастырылады.

## 6. Акциялар, облигациялар. Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары

15. Қоғам құжаттамасыз нысанда жай акцияларды шығарады.

16. Акцияларды шығару, орналастыру, айналдыру шарттары мен тәртібі, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу акцияларды шығару андатпасымен белгіленеді.

17. Қоғам акционері құқылы:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасында (бұдан әрі-Заң) және осы жарғыда қарастырылған тәртіпте қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен немесе осы жарғымен белгіленген тәртіпте қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

4) қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;

5) акционерлер қоғамының жалпы жиналысына қоғам директорларының кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;

6) сот тәртібінде қоғам органдары қабылдаған шешімдерімен дауласуға;

7) жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге қоғамның дауыс беру акцияларының бес немесе одан аса пайызын иеленгенде, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 63 және 74-баптарында қарастырылған жағдайларда, қоғамның лауазымды тұлғалары қоғамға келтірілген шығындарды өтеу және қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) үлестес тұлғалары ірі мәмілелерді және (немесе) жасауда мүдделігі бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсынымдар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде түскен табысты (пайданы) қоғамға қайтару туралы талабымен өз атынан сот органдарына жүгінуге

8) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныстармен жүгінуге және қоғамға сұраныс келіп түскен отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) қоғамды жою кезінде мүліктің бөлігіне;

10) Заңда белгіленген тәртіпте, акцияларды немесе оның акцияларына айырбастылымды басқа бағалы қағаздарды басым сатып алуға;

11) акционерлер жалпы жиналысы қоғам акцияларының санын өзгерту немесе «акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңында қарастырылған тәртіпте олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;

18. Ірі акционерсонымен қатар құқылы:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуға немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақыртудан бас тартқан жағдайда оны шақырту туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;

2) директорлар кеңесіне Заңға сәйкес акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды қосуды ұсынуға;

3) директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

4) аудиторлық ұйым өз есебінен қоғам аудитін өткізуді талап етуге.

19. Қоғам айырбастылымды бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

20. Қосымша қаражатты тарту үшін қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналдыру, олар бойынша сыйақы беру, облигацияларды өтеу және оларды өткізуден қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигацияларды шығару андатпасымен белгіленеді.

21. Жай акциялар бойынша дивиденд төлеу артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін жасалған жоқ.

22. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және қоғам таратылған кезде осы Заңда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

23. Артықшылықты акция акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

24. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер кепілдік берілген көлемі артықшылықты акциялардың номиналды құны 1% құрайды.

## **7. Таза табысты бөліп тарату тәртібі. Акциялар бойынша дивиденттер**

25. Қоғамның таза табысы (бюджетке салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) қоғамның билігінде қалады және акционерлер жалпы жиналысының шешімімен белгіленген тәртіпте, соның ішінде дивиденттерді төлеуге таратылады. Қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе акционерлер жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға жұмсалады.

Қоғам акциялары бойынша дивиденттерді төлеу мерзімділігі акцияларды шығару андатпасымен белгіленеді.

Акционерлер жалпы жиналысы жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу тиімсіздігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Дивиденттер орналастырылмаған және қоғам өзі сатып алған акциялар бойынша, сонымен қатар егер сот немесе акционерлер жалпы жиналысы оны жою туралы шешім қабылдаса есептелмейді және төленбейді.

26. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді есептеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшерінде немесе егер қоғам өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденттерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкрот болу туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе шамасыз болу белгілері болса, немесе көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивиденттерді есептеу нәтижесінде қоғамда пайда болса.

## **8. Қоғам органдары**

27. Қоғам органдары:

1) жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы (егер қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болса - осы акционер);

2) басқару органы – директорлар кеңесі;

3) атқару органы – президент.

## **9. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы**

28. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс жиналыстарға бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

29. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақыртылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақыртылады.

Өз бетінен жойылу процесінде тұрған қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы, қоғамның жою комиссиясымен шақыртылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақырту жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

30. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылына қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидент мөлшері белгіленеді, қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне акционерлердің жүгінулері және оларды қарастыру нәтижелері туралы мәселе қарастырылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Көрсетілген мерзім есептік кезеңде қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

31. Акционерлер жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне мынадай сұрақтар жатады:

1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) қоғамды өз еркімен қайта құру немесе жою;

4) қоғамның жарияланған акциялар санын арттыру немесе қоғамның орналастырылмай жарияланған акциялар түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрлі акцияларға ауыстыру туралы шешім қабылдау, мұндай ауыстырудың шарттары мен тәртібін белгілеу;

8) есептеу комиссиясының санды құрамы мен өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;

9) директорлар кеңесінің санды құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мезгілден бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;

10) қоғам аудитін жүзеге асыратын, аудиторлық ұйымды белгілеу;

11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

12) есептік қаржы жылына қоғамның таза табысын бөліп тарату тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидент мөлшерін бекіту;

13) Заңның 22-бабының 5-тармағында қарастырылған жағдайлар болған кезде, қоғамның жай және артықшылық берілген акциялар бойынша дивиденттерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) қоғамның сомасында қоғамға барлық тиесілі активтерінен жиырма бес және одан аса пайызды құрайтын, активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін тапсыру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) қоғамның акционерлер жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау түрін белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

16) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес қоғам сатып алған кезде акциялар құнын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды белгілеу әдістемесін бекіту;

17) акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

18) акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу, соның ішінде егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе бұқаралық ақпарат құралдарында белгілеу;

19) «алтын акцияны» енгүзі және күшін жою;

20) шешімдерді қабылдау Заңмен және осы жарғымен акционерлер жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жатқызылған, өзге мәселелер.

Осы тармақтың 2, 3, 4, 16 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімдерін, қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санынан білікті көпшілігімен қабылданады.

Қалған мәселелері бойынша жалпы жиналыстың шешімдері олар бойынша дауыс беруде «Отау-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дауыс беруге қатысатын, қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санынан дауыстардың көпшілігімен қатысқан жағдайда қабылданады.

32. Беттестіру тәртібінде өткізілетін акционерлер жалпы жиналысында, қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылаған кезде, қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатысып, сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалар акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

33. Акционерлер жалпы жиналысын дайындау және өткізуді:

- 1) атқару органы;
- 2) жасалған шартқа сәйкес қоғам тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның жою комиссиясы жүзеге асырады.

Акционерлер жалпы жиналысын шақырту, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Заңда қарастырылған жағдайларды қоспағанда қоғам өтейді.

Қоғам органдары акционерлер жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

34. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімін, қоғам акцияларын ұстау тізілімінің деректері негізінде қоғам тіркеушісі жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні директорлар кеңесімен белгіленеді және жалпы жиналысты өткізу туралы шешімді қабылдау күнінен ерте бола алмайды.

35. Акционерлер («алтын акция» иесі) отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жалпы жиналысты өткізу туралы хабарландырылуы тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда- жиналысты өткізу күнінен қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей.

36. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру корпоративті веб-сайтта жарияланауы және (немесе) жазбаша хабарлама жіберілуі арқылы акционерлерге («алтын акция» иесі) жеткізілуі тиіс. Қосымша акционерлер жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны өзге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратуға жол беріледі.

37. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен қалыптастырылады және талқылауға шығарылатын нақты қалыптастырылған сұрақтардың толық тізімінен тұруы тиіс. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе қоғам акционерлері жалпы жиналысты өткізу күнінен он бес күнге дейін кешіктірмей мұндай толықтырулар туралы хабарланған жағдайда директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін.

Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санынан дауыстардың көпшілігі арқылы жүзеге асырылады. Күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін, егер оларды енгізуге акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында қоғамның дауыс беру акцияларының тоқсан бес пайыздан кем емес пайызын иеленген акционерлердің (немесе олардың өкілдері) көпшілігі дауыс берсе.

Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіне кіргізілмеген сұрақтарды қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

38. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі мәселесі бойынша материалдар акционерлерді таныстыру үшін жиналысты өткізу күнінен он күннен кешіктірмей дайын болуы тиіс, ал акционерлердің сұранысы бар болған жағдайда – сұранысты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлер жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін дәлелдейтін, сенімхатты ұсынуы тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі), кворумды белгілеу кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатыса алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ерте ашылуы мүмкін емес, барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп, хабарланып және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда

Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысыдауыс беру түрін белгілейді—ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша). Акционерлер жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әр акционердің бір дауысы бар, ал шешімді қатысушылар санынан дауыстар көпшілігімен қабылданады.

Атқару органының мүшелері жиналысқа қатысушы барлық акционерлер атқару органына кірген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы дауыс беруге қарастырылып отырған сұрақ бойынша дауларды тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты шығаруға құқылы.

Төраға сөз сөйлеулер акционерлер жалпы жиналысының регламентін бұзуға апарса немесе осы мәселе бойынша даулар тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, күн тәртібі мәселесін талқылауды қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлейіну кедергі келтіруге құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлер жалпы жиналысы күн тәртібінің кейбір сұрақтарын қарастыруды келесі күнге көшіру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлер жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық сұрақтарын қарастырғаннан кейін және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін жабық деп жариялануы мүмкін.

Акционерлер жалпы жиналысының хатшысы акционерлер жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растығына жауапты.

39. Акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың барынша санын шектеу;

2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтықты дауыс беру;

3) акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр тұлғаға, акционерлер жалпы жиналысын өткізу процедуралық мәселелер бойынша бір дауыс беру жағдайларын қоспағанда, «бір акция-бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.

40. Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін жасалуы және үш жұмыс күн ішінде қол қойылуы тиіс.

Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына сенімхатпен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюдан бас тарту жазбаша себептерін түсіндірумен тігіледі. Көрсетілген құжаттарды атқару органы сақтау керек және акционерлерге танысу үшін кез-келген уақытта ұсынылуы тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлер жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

41. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары акционерлер жалпы жиналысын жапқаннан кейін он күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарландыру жолдау арқылы акционерлерге жеткізіледі.

42. Егер қоғамның барлық дауыс беру акциялары бір акционерге тиесілі болса, акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Заңмен және осы жарғымен акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, мұндай акционер жеке өзі қабылдайды және жазбаша түрде осы шешімдер артықшылық берілген акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамаса және шектемесе ресімдеуге жатады.

## 10. Қоғамның директорлар кеңесі

43. Заңмен және осы жарғымен акционерлер жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған сұрақтарды қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылық ету, қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

44. Директорлар кеңесінің ерекше құзыреттілігіне төмендегі сұрақтар жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттарын, қоғамды дамыту стратегиясын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда қоғамды дамыту жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар саны шеңберінде акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) қоғамды дамыту жоспарлары мен бюджетін бекіту;

6) қоғамның атқару органының тоқсандық есептерін бекіту;

7) қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

8) директорлар кеңесінің комитеттері (комитеттерді құрған жағдайда) туралы ережелерді бекіту

9) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

10) атқару органының санды құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігі мерзімін бұрын тоқтату;

11) атқару органы басшысы мен мүшелерінің (жеке-дара атқару органының функцияларын жүзеге асыратын тұлға) лауазымдық еңбекақылары мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын белгілеу

12) қоғам қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу және сыйақы беру туралы ережені бекіту;

13) ішкі аудит қызметінің санды құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;

14) корпоративті хатшыны тағайындау, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративті хатшының еңбекақысы мөлшері мен сыйақы беру шарттарын белгілеу;

15) аудиторлық ұйым, сондай-ақ қоғамның акциясын төлеуге тапсырылған немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі бағалаушы қызметіне төлеу мөлшерін белгілеу;

16) қоғамның ішкі қызметін реттейтін, құжаттарды (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқару органы қабылдайтын, құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукциондарды өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

17) қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

18) басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің (акциялар он және одан көп пайызын қоғамның иеліктен) сатып алу туралы шешім қабылдау;

19) қоғамға тиесілі акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қызметін заңды тұлғаның (қатысушылар), акцияларының он немесе одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бойынша шешімдер қабылдау

20) өз капиталының он және одан аса пайызын құрайтын өлшемге қоғам міндеттемесін арттыру;

21) қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда қоғам тіркеушісін таңдау;

22) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын, қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;

23) ірі мәмілелерді және жасауға қоғамның мүдделігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

24) қоғамның есептік саясатын бекіту;

25) қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерін бекіту, рәсімдерді сақтауды қамтамасыз ету және тиімділігін талдау, сондай-ақ жетілдіру.

45. Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір бөлігінен кем емес тәуелсіз директорлар болып табылады.

46. Жоғары немесе орта арнайы білімі жоқ;

- заңда белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған сотталғындығы болса;

- бұрын банкрот болған немесе банкрот болу, тоқтату, санациялау, мәжбүрлеп жою туралы

шешім қабылдау күнінен бастап бес жыл ішінде осы тұлға басшылық ету уақытында тоқтатуға, санацияға, мәжбүрлеп жоюға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болған тұлға директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.



Атқару органының басшысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

47. Директорлар кеңесінің мүшесін таңдау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер оған тиесілі акциялар бойынша толық бір үміткерге дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесі мүшесіне бірнеше үміткерлер арасында бөліп беруге құқылы. Директорлар кеңесіне ең көп дауыс алған үміткерлер сайланған болып саналады. Егер директорлар кеңесі мүшелеріне екі және одан аса үміткерлер тең дауыс алса, осы үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

Қоғамның директорлар кеңесі 3 (үш) директорлардан тұрады: директорлар кеңесінің Төрағасы, директорлар кеңесінің 1 (бір) мүшесі және 1 (бір) тәуелсіз директор-директорлар кеңесінің мүшесінен. Оның үстіне директорлар кеңесінің төрағасы және директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына, «Отау-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен ұсынылған, тұлғалар тағайындалады.

Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқару органының бастамашылығы бойынша немесе:

- 1) директорлар кеңесі кез-келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі отырысын шақырту туралы талап, директорлар кеңесі отырысына ұсынылатын күн тәртібінен тұратын, тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен директорлар кеңесі отырысын шақыртуға міндетті атқару органына жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысын шақырту туралы талап келіп түскен күннен он күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқару органдары шақыртуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарландыру отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарын қоса беріп директорлар кеңесінің мүшелеріне және «алтын акция» иесіне отырысты өткізу күнінен бес жұмыс күнінен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

48. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан 51 және одан аса пайызды құрауы тиіс. Директорлар кеңесі әр мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар кеңесінің шешімі егер өзге осы Заңда қарастырылмаса, отырысқа қатысқан директорлар кеңесі мүшелерінің көптеген дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

49. Директорлар кеңесі отырысының сырттай қабылданған шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті санда директорлар кеңесі мүшелерінің қотанбалары бар болған кезде жарамды болып танылады. Көзбе-көз тәртіпте өткізіліп отырыста қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері, отырысты өткізу күнінен үш жұмыс күні ішінде жасалған және отырыста төрағалық еткен тұлға және директорлар кеңесінің хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

50. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері қоғамның мұрағатында сақталады.

51. Қоғам директорлары кеңесінің мүшелерін және оның төрағасын сайлау тәртібі қолданыстағы заңнама нормаларында және осы жарғының ережелерімен белгіленеді.

52. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі акционерлер жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау өтетін, акционерлер жалпы жиналысын өткізу уақытында аяқталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.

53. Директорлар кеңесінің шешімдері оның отырыстарында қабылданады. Отырыстарды шақырту, дайындау және өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларында белгіленеді.

54. Директорлар кеңесінің шешімдері директорлар кеңесінің отырысына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

Сырттай дауыс беру директорлар кеңесі отырысын бастамашылық етуге құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап жазбаша түрде директорлар кеңесі төрағасына беріледі (ал ол сырттай дауыс беруден бас тартқан

жағдайда-атқару органына) және дауыс беруге шығарылған нақты және бір мағыналы сұрақтан (сұрақтардан) тұруы тиіс.

Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетендер және дауыс беруге шығарылған сұрақ (сұрақтар) бойынша материалдар, дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі (таратылады).

Бюллетень мыналардан тұруы тиіс:

- 1) қоғамның толық атауы;
- 2) отырысты өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетендерді ұсыну үшін;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнді қалыптастырылған сұрақ (сұрақтар);
- 5) «иә», «жоқ», «дауыс беруден қалыс қаламын» сөздерімен дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетенді толтыру тәртібі бойынша түсініктемелер.

Директорлар кеңесінің сырттай отырыс шешімі директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетендерді қоса беріп жазбаша түрде ресімделеді.

55. Директорлар кеңесінің төрағасы үш жыл мерзімге акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады. Оның үстіне директорлар кеңесінің төрағасы лауазымына «Отау-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұсынған тұлға сайланады. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, директорлар кеңесінің отырыстарында төрағалық етеді.

56. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

## 11. Қоғамның атқару органы

57. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етуді қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, қоғамның қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдайтын, жеке атқару органы-Президент жүзеге асырады.

58. Президент қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

59. Президент өкілеттігіне:

- 1) акционерлер жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру;
- 2) дамыту жоспарларын (қоғамның орта мерзімді бизнес-жоспарлары, қоғам бюджеті (1 жылға бизнес-жоспар) дайындау және іске асыру;
- 3) ішкі бақылау және қоғамның тәуекелін басқару рәсімдерін әзірлеу және қолдану;
- 4) директорлар кеңесіне қоғам тәуекелдерін басқару жүйесіндегі маңызды жетіспеушіліктер туралы уақытында хабарлау;
- 5) директорлар кеңесі бекітетін құжаттарды қоспағанда, қоғамның қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту;
- 6) қоғамның жұмыс режимін белгілеу;
- 7) қоғамның құрылымын бекіту;
- 8) қоғамның штаттық кестесін бекіту;
- 9) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста қоғам мүддесін білдіру;
- 10) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қоғам атынан мәмілелерді жасау, нәтижесінде қоғам құны 300 000 000 (үш жүз миллион) теңгені құрайтын мүлікті сатып алса немесе иеліктен шығарса (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді немесе өзара байланыстырылған мәмілелерді жасау жағдайларын қоспағанда;
- 11) үшінші тұлғаларға қатысты қоғам атынан сенімхатсыз әрекет ету;
- 12) үшінші тұлғаларға қатысты қоғам мүддесін білдіру құқығына сенімхатты беру;
- 13) қоғам қызметкерлері қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығару, оларға мадақтау мен тәртіптік жазаларды қолдану, қоғам қызметкерлеріне қоғамның штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық еңбекақы мөлшерін және жеке үстемеақыларды белгілеу, қоғамның ішкі аудит қызметі құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда қоғам қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін белгілеу;
- 14) осы жарғыда және қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде қоғам қызметкерлері орындау үшін міндетті бұйрықтарды шығару және тапсырмалар беру;

15) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін қоғамның басшы қызметкерлерінің біріне жүктеу;  
16) қоғамның басшы қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласы мен жауапкершіліктерін бөліп беру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және акционерлер жалпы жиналысының және қоғам директорлары кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге функцияларды жүзеге асыру жатады.

60. Қоғам атынан Президентпен шартқа директорлар кеңесінің Төрағасы немесе жалпы жиналыспен немесе директорлар кеңесімен уәкілетті тұлға қол қояды.

## **12. Ішкі аудит қызметі**

61. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

62. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері қоғамның директорлар кеңесі және атқару органының құрамына сайлануы мүмкін. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы бойынша есеп береді.

## **13. Қоғамға ірі акционерлердің және қоғамның лауазымды тұлғалары олардың аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну**

63. Қоғам осы тұлғалар немесе қоғам тіркеушілері ұсынатын мәліметтер негізінде аффилирленген тұлғалар есебін жүргізеді.

64. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органы белгілеген нысан бойынша өз аффилирленген тұлғалары бойынша ақпаратты ұсынады.

65. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпаратты қоғамның акционерлері мен аффилирленген тұлғалары, тұлғаларды аффилирленген болып тану үшін негіз туындаған (жоғалту) күннен бастап немесе акцияларды сатып алу (қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартты жасау) күнінен бастап 7 күн ішінде ұсынады.

## **14. Қоғамның ақпаратты ашып көрсету (өз қызметі туралы ақпарат қоғам акционерлерінің тәртібі)**

66. Қоғам өз акционерлеріне Заңға және осы Жарғыға сәйкес қоғам акционерлерінің мүддесін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты жеткізеді. Қоғам әр акционерге жазбаша хабарландыруды жолдауға құқылы.

67. [www.ecoton.kz](http://www.ecoton.kz) - қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары республикалық газеті «Егемен Қазақстан» және / немесе Қоғамның корпоративтік веб- сайты бар.

68. Акционердің талабы бойынша қоғам акционерге Заңда қарастырылған құжаттар көшірмесін ұсынуға міндетті.

69. Акционер ақпаратты алу мақсатында жазбаша түрде қоғамның атқару органына жүгінеді. Акционердің жүгінуі қоғамның кіріс құжаттарын тіркеу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап еткен ақпаратты ( талап етілген құжаттар көшірмесін) жүгінген күннен бастап отыз күн ішінде ұсынуға міндетті.

Құжаттар көшірмесін ұсынуға төлем мөлшерін қоғам белгілейді және құжаттар көшірмесін жасауға және акционерге құжаттарды жеткізумен байланысты шығындарды төлеуге шығындар құнынан аспауы тиіс.

## **15. Қоғамды қайта құру және жою**

70. Қоғам акционерлер жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге негіздер бойынша қайта құрылуы және жойылуы мүмкін.

71. Қоғамды қайта құру және жою тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

## 16. Қорытынды ережелер

72. Осы Жарғыда реттелмеген барлық сұрақтар бойынша қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

73. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күшіне енеді.

«Экотон+» АҚ президенті



К. Машанский

УСТАВ

АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

«ЭКОТОН+»

«Утвержден»  
внеочередным общим собранием  
акционеров АО «Экотон+»  
Протокол № 9 от «13» ноября 2015 г.



**УСТАВ**  
**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА**  
**«ЭКОТОН+»**

г. Астана, 2015 г.

## **1. Общие положения**

1. Настоящий Устав акционерного общества «Экотон+» (далее - общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «Экотон+» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке: акционерное общество «Экотон+»;
- 3) на английском языке: Экотон+ Joint Stock Company.

3. Сокращенное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «Экотон+» АҚ;
- 2) на русском языке: АО «Экотон+»;
- 3) на английском языке: Экотон+ JSC.

4. Местонахождение исполнительного органа общества: 010000, город Астана, район Сарыарка, жилой массив Оңдырыс, улица Аксай, 1.

## **2. Юридический статус общества**

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению общества на основании Положения о них.

## **3. Ответственность общества и акционеров**

10. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

11. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам общества и несут риск убытков, связанных с деятельностью общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

12. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его обязательствам.

## **4. Основные виды деятельности общества**

13. Основными видами деятельности являются:

- 1) производство и реализация изделий домостроения из ячеистого бетона;
- 2) производство и реализация сопутствующего сырья и материалов, в том числе инструментов и материалов, используемых при применении изделий домостроения из ячеистого бетона;
